

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрінің  
2019 жылғы «10» қыркүйектегі  
№26-Ө  
бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрінің  
2019 жылғы «10» қыркүйектегі  
№26-Ө  
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар  
министрлігінің 2017 – 2021 жылдарға арналған  
стратегиялық жоспары**

**1-бөлім. Миссиясы және пайымы**

**Миссиясы:** Қоршаған ортаның сапасын, биологиялық әртүрлілікті сақтау, қалпына келтіру және жақсарту жөнінде жағдайлар жасау, экономика және қоршаған орта салаларын сумен қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және адам өмірі мен денсаулығы, экономика, бизнес үшін экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, аумақтың геологиялық зерделенуін арттыру және Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат кешенін толықтыру, қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және "жасыл экономикаға" көшуін, су, орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесін тұрақты дамыту, өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату жүйесін дамыту.

**Пайымы:** Қауіпсіз, экологиялық таза қоршаған ортаны құру, табиғи ресурстарды теңгерімді пайдалану жолымен өмір сүру үшін қолайлы жағдайларға қол жеткізу және жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің биоәртүрлілігін сақтау, қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және "жасыл экономикаға" көшуін қамтамасыз ету. үшін Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуін қамтамасыз ету.

## **2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау және тәуекелдерді басқару**

### **1-стратегиялық бағыт. Қоршаған ортаның сапасын жақсарту**

#### **1.1) Реттелетін сала немесе қызмет аясы дамуының негізгі параметрлері**

##### **Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуі**

Түгендеуге сәйкес ЖЖӨӨШ-ны (*жер пайдалану, жер пайдаланудағы өзгерістер және орман шаруашылығы*) есептегенде, парниктік газдар шығарындыларының көлемі 2017 жылы – 353,2 млн. тонна CO<sub>2</sub>-экв., 2016 жылғы 336,0 млн. тонна CO<sub>2</sub>-экв., 2015 жылы – 331,4 млн тонна CO<sub>2</sub>-экв. құрады.

Сонымен бірге, бұл деректер екі жылға кері жылжумен жыл сайын беріледі (*1995 жылғы 2 маусымдағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының (БҰҰДБ) Тараптар Конференциясының №FCCC/CP/1995/7/Add.1 шешімі*). Осылайша 2019 жылы 2017 жыл бойынша деректер қалыптастырылды.

2013 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама (*бұдан әрі – Тұжырымдама*) бекітілді, сондай-ақ 2013 жылғы 31 шілдедегі Үкімет қаулысымен Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары қабылданды. Тұжырымдама Қазақстан халқының әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттыру және елдің әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі арқылы қоршаған ортаға түсетін жүктеме мен табиғи ресурстардың тозуын барынша азайта отырып, жаңа тұрпаттағы экономикаға көшу мақсатында терең жүйелі жаңартулар үшін негіз қалайды.

Сонымен қатар, Париж келісімінің 4-бабы, 1-тармағына сәйкес, «Тараптар ұзақ мерзімді жаһандық температуралық мақсатқа қол жеткізу үшін ... парниктік газдар шығарындыларының шыңына тезірек қол жеткізуге ... және оларды тез азайтуға қол жеткізуге ұмтылады.». Париж келісімі бойынша міндеттемелер 2020 жылдан бастап күшіне енетініне байланысты, 2020 жыл шығарындыларды азайту бойынша 1990 жылғы деңгейден 95%-дық «бастапқы нүкте» ретінде айқындалды. Бұдан әрі, нысаналы индикатор жылына 1%-ға азаюы тиіс, осылайша парниктік газдар шығарындылары 2030 жылға қарай 85%-ға азаюы қамтамасыз етіледі.

##### **Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару**

Өндіріс қалдықтарының түзілуіне оларды өңдеу және кәдеге жарату үлесі 2018 жылда 32,2%, 2017 жылы 30,91%, 2016 жылы 26,8 құрады. 2018 жылы өндіріс қалдықтарының түзілуіне оларды өңдеу және кәдеге жарату үлесі 2017 жылмен салыстырғанда 1,29% артты.

Тұрмыстық қатты қалдықтардың түзілуіне оларды өңдеу және кәдеге жарату үлесі 2018 жылда 11,51%, 2017 жылы 9%, 2016 жылы 2,6 құрады. 2018 жылы тұрмыстық қатты қалдықтардың түзілуіне оларды өңдеу және кәдеге жарату үлесі 2017 жылмен салыстырғанда 2,51% артты.



Жыл сайын Қазақстанда 5-6 млн. тоннаға жуық тұрмыстық қатты қалдықтар (*бұдан әрі – ТҚҚ*) жинақталады. ТҚҚ Астана, Шымкент және Жаңаөзен қалаларындағы зауыттарда, сонымен қатар негізінде шағын және орта бизнес кәсіпорындарында сұрыпталады және қайта өңделеді. Елімізде 130-ден астам кәсіпорын жұмыс істейді, олар қайталама шикізатты өңдеп, 20-дан астам өнім түрлерін шығарады: пластик, металл, ағаш, шыны, қағаз, резина ұнтағының және резеңке-техникалық бұйымдар, биогаз, тыңайтқыш және отын пиролиз өнімдері.

2018 жылдың жағдайы бойынша елдің аумағында ТҚҚ полигондары және қоқыс үйінділерінің саны 3521 құрайды, соның ішінде ресми заңдастырылған полигон саны 620 (17,6%). 2017 жылда – 3817, заңдастырылған полигон саны 611 (16%), 2016 жылда – 3943, заңдастырылған полигон саны – 590 (15%), бұл жағдай инфекция, кеміргіштер сияқты ауру ошағын тарату көзі бола отырып, қоршаған ортаға, атап айтқанда жер асты және грунт суларына, топырақ жамылғысына, атмосфералық ауаға келеңсіз әсер етеді.

Өнеркәсіптік кәсіпорындар қызметі нәтижесінде пайда болған және иесіз қалған тарихи ластануларды жою жөніндегі жұмыстар жоспарлы жүргізіледі. Радиактивті, колчедана, күкірт және цезий сияқты қауіпті иесіз қалдықтарды сот шешімімен республикалық меншікке беру жұмыстары жүргізілді. Тарихи ластағыштарды жою жұмыстары жүргізілуде.

### **Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторинг**


Республика аумағының метеорологиялық мониторингпен қамтамасыз етілуі 2018 жылы – 78%, 2017 жылы – 78%, 2016 жылы – 78%-ды құрады.

Республика аумағының қамтамасыз етілуі 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы өзгермеді.

Республика аумағының агрометеорологиялық мониторингпен қамтамасыз етілуі 2018 жылы – 72,5%, 2017 жылы – 72,5%, 2016 жылы – 72,5%-ды құрады. Республика аумағының қамтамасыз етілуі 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы өзгермеді.

Республика аумағының гидрологиялық мониторингпен қамтамасыз етілуі 2018 жылы – 62%, 2017 жылы – 61%, 2016 жылы – 61%-ды құрады. Республика аумағының қамтамасыз етілуі 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы 1%-ға өсті.

Республика аумағының атмосфералық ауаның ластау жәй-күйі туралы мониторингімен қамтамасыз етілуі 2018 жылы – 86%, 2017 жылы – 58%, 2016 жылы – 56%-ды құрады. Республика аумағының қамтамасыз етілуі 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы 28%-ға өсті. *Ұлғайту нысаналы индикаторларды есептеу әдістемесінің өзгеруіне байланысты.*



\*МС – метеорологиялық станция, ГБ – гидрологиялық бекет, ЭБ – экологиялық бекет, АМБ – агрометеорологиялық бекет.

2018 жылғы жағдай бойынша гидрометеорологиялық және экологиялық мониторинг 987 бақылау пунктінде (328 метеорологиялық станция, агрометеорологиялық бақылау жасайтын 203 бекет, 310 гидрологиялық бекет пен 146 атмосфералық ауаны бақылайтын пункт) жүргізілді.

2017 жылда гидрометеорологиялық және экологиялық мониторинг 984 бақылау пунктінде (328 метеорологиялық станция, агрометеорологиялық бақылау жасайтын 203 пункт, 307 гидрологиялық бекет пен 146 атмосфералық ауаны бақылайтын пункт) жүргізілді.

2016 жылда гидрометеорологиялық және экологиялық мониторинг 984 бақылау пунктінде (328 метеорологиялық станция, агрометеорологиялық бақылау жасайтын 203 пункт, 307 гидрологиялық бекет пен 146 атмосфералық ауаны бақылайтын пункт) жүргізілді.

## 1.2) Негізгі проблемаларды талдау

## **Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуі, жаңартылатын энергия көздері.**

1. Парниктік газдар шығарындыларын реттеу бойынша ынталандыру преференцияларының болмауы.

2. Технологияларды ендіру құнының жоғары болуы, сондай-ақ экономика саласында, атап айтқанда энергетикалық саладағы жабдықтардың тозуы ел экономикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуін кешеуілдетеді.

## **Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару**

1. ТҚҚ-ны басқару секторы инфрақұрылымының дамымауы, оның ішінде қалдықтардың жиналу «көзінен» ТҚҚ-ны бөлек жинаудың, сондай-ақ ТҚҚ-ны өңдеу бойынша зауыттар мен технологиялардың болмауы.

Жүйелі түрде тұрмыстық қатты қалдықтарды (*бұдан әрі – ТҚҚ*) бөлек жинау жолға қойылмаған, оларды сұрыптау және кешенді қайта өңдеу бойынша қуаттылық жоқ, бұл қалдықтарды қайта өңдеу көлемінің төмендеуіне әкеледі.

2. ТҚҚ полигондарының экологиялық және санитариялық нормалар мен талаптарға сәйкес келмеуі.

Қазақстанда көптеген қалдықтарды орналастыру орындары Совет одағында салынған және заманауи талаптарға сәйкес келмейді (88,66%). Оларды қалпына келтіру сондай-ақ қолданыстағы нормалар мен талаптарға сәйкес келетін жаңа полигондар салу қажет.

## **Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторинг**

1. Республика аумағының метеорологиялық мониторингпен (2018 жылы қамтамасыз етілуі – 78%), гидрологиялық мониторингпен (2018 жылы қамтамасыз етілуі – 62%), агрометеорологиялық мониторингпен (2018 жылы қамтамасыз етілуі – 72,5%) жеткілікті қамтамасыз етілмеуі.

Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның стандарттарына сәйкес бақылау желілерін ұйымдастырған кезде халықтың нақты тығыздығы, жергілікті рельефі, сондай-ақ аумақтың экономикалық игерілуі ескерілуі тиіс.

Осылайша, Қазақстан Республикасының аумағы үшін қажетті бақылау желілері ең кем дегенде 421 метеорологиялық станция (2018 жылы – 328 станция), 500 гидрологиялық бекет (2018 жылы – 310 бекет), 280 агрометеорологиялық бақылау пункттерінен (2018 жылы – 203 пункт) құралуы тиіс.

2. Республика аумағының атмосфералық ауа мониторингісімен (2018 жылы қамтамасыз етілуі – 86%) жеткілікті қамтамасыз етілмеуі.

Атмосфералық ауа сапасының жай-күйіне мониторинг жасау барлық елді мекендердің пункттерінде жүзеге асырылуы тиіс. «Атмосфераның ластануын бақылау бойынша басшылық» басшылық құжатқа сәйкес атмосфералық ауаның

ластануын бақылау бекеттерінің саны (*бұдан әрі – БҚ*) халықтың санына сәйкес есептелуі тиіс.

БҚ-ға сәйкес атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау бекеттерінің республика аумағындағы ең аз саны 170 болуы тиіс (*2018 жылы – 146 бекет*).

3. Осы модельдерді есептеуге арналған құралдар мен болжаулардың заманауи сандық үлгілерінің болмауы.

Нақты деректерді жедел режимде пайдалану үшін жыл сайын қымбат лицензиялар сатып алу қажет. Интеграциялаудың жуық әдістерін қолдану дұрыс емес болжамдар береді.

### 1.3) Тәуекелдерді басқару

Мақсатқа қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдер атауы	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
1	2
Траншекаралық аумақтарда қоршаған ортаның ластануының күрт өсуі	Қоршаған ортаның ластануын болдырмау мақсатында превентивті іс-қимыл үшін жағдай жасау
Қалдықтармен жұмыс істеу саласынан инвесторлардың кетуі.	Инвестициялық тартымдылықты жақсарту, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шаралары бойынша, соның ішінде қалдықтармен жұмыс жүргізу саласындағы шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін салықтық және басқа да артықшылықтар, гранттар беру. Қалдықтарды жинаумен, тасымалдаумен, өңдеумен айналысатын кәсіпорындарды өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері (ӨКМ) шеңберінде субсидиялау. Қалдықтарды бөлек жинауды ендіру және өңдеу бойынша жүйелі және кешенді шаралар қабылдау.
Бақылау пункттерінің жұмыс істеуін тоқтатуға апарып соғатын апатты гидрометеорологиялық құбылыстардың салдарлары	Уақытша бақылау пункттерінің ашылуы

### 2-стратегиялық бағыт.

**Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерттелуін арттыру және минералдық-шикізат кешенін толықтыру.**

**2.1. Реттелетін сала немесе қызмет аясы дамуының негізгі параметрлері**

2016 – 2018 жылдары алаңдардың геологиялық құрылысын зерделеуге және пайдалы қазба кен орындарын болжауға бағытталған және жерасты суларын іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу негіздемесі үшін ауданды геологиялық жете зерттеулер (АГЖ-200), кенді аудандарды геологиялық минерагенді карталау (ГМК-200), 1:200 000 масштабта тереңдікті геологиялық карталау (ТГК-200), инженерлік-геологиялық зерттеулер, гидрогеологиялық жете зерттеулерді қамтитын, іздестіру, қатты пайдалы қазбаларға іздестіру-бағалау жұмыстары, өңірлік геологиялық зерттеулері жоспарлы түрде жүргізілді.

2016 жылы АГЖ-200 бойынша 6 объектіде жұмыс аяқталды, нәтижесінде мынадай болжамдық ресурстар бағаланды: алтын – 1,8 тонна, мыс – 23,3 млн.

тонна, полиметалдар – 0,9 млн.тонна, қалайы – 98,5 мың тонна, вольфрам – 457,8 мың тонна, никель – 1,2 млн. тонна, темір кендері – 4,6 млрд. тонна және т.б.

2017 жылы АГЖ-200 бойынша 1 объектіде жұмыс аяқталды, нәтижесінде келесі болжамдық ресурстар бағаланды: алтын – 21,7 тонна, мыс – 3,8 млн.тонна, полиметалдар – 3,1 млн. тонна және т.б.

2016 жылы ГМК-200 бойынша 1 объектіде жұмыс аяқталды, нәтижесінде мынадай болжамдық ресурстар бағаланды: алтын – 3,5 тонна, мыс – 5,4 млн. тонна, полиметалдар – 0,9 млн. тонна.

2017 жылы ГМК-200 бойынша 1 объектіде жұмыс аяқталды, нәтижесінде мынадай болжамдық ресурстар бағаланды: алтын – 273,0 тонна, мыс – 2,7 млн.тонна, полиметалдар – 17,5 млн. тонна.

2016 жылы ГГК-200 бойынша 2 объектіде жұмыс аяқталды, нәтижесінде мынадай болжамдық ресурстар бағаланды: вольфрам – 1,8 млн. тонна.

2017 жылы ГГК-200 бойынша 1 объектіде жұмыс аяқталды, нәтижесінде келесі болжамдық ресурстар бағаланды: алтын – 247,0 тонна, мыс – 0,2 млн.тонна, полиметалдар – 1,6 млн. тонна және басқалар.

Алдыңғы үш жылмен салыстырғанда, жұмыс көлемі және нысаналы индикаторға қол жеткізу жөніндегі жұмыс нәтижесі 2016-2018 жылдарда АГЖ-200, ГМК-200 және ГГК-200 бойынша алдыңғы деңгейде қалады.

2017 жылы Сырдария шөгінді бассейніндегі негізгі өңірлік бейіндер бойынша геологиялық геофизикалық зерттеулер кешені бойынша 1 объектіде жұмыс аяқталды. Сейсмикалық барлау жұмыстарының нақты нәтижелеріне сүйене отырып, өңдеу уақыт пен тереңдік көші-қоны бойынша жүргізілді, құрылымдық карталар горизонттарға, сондай-ақ «тұзды» шөгінділердің үстіне және интрузивті массивтердің бетіне салынған. Жасалған жұмыстардың нәтижесіне байланысты аукцион арқылы көмірсутекті барлауға лицензия беру мақсатында Мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасына Сырдария шөгінді бассейнінде орналасқан аумақ ұсынылды.

2014 – 2017 жылдар аралығында 1:200 000 масштабты инженерлік-геологиялық зерттеулермен гидрогеологиялық жете зерттеуде: Орталық, Солтүстік және Оңтүстік, Шығыс және Батыс Қазақстанның шекаралық аймақтарында, жерасты тұщы су тапшы аудандар мен қарқынды техногенді жүктерді сезінетін аймақтарда ауданы 77,1 мың шаршы км. болатын ауданда 10 объектіде жұмыс аяқталды.

Минералды-шикізат базасын, жер қойнауын тиімді және кешенді пайдалану мақсатында 2017 жылы қатты пайдалы қазбаларды іздестіру, іздестіру-бағалау және жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстары жүргізілді. Іздестіру жұмыстары 2017 жылы 17 объектіде аяқталды. Жұмыстар нәтижесінде болжамдық қорлар бағаланды: алтын – 986,1 тонна, мыс – 21,5 млн. тонна, молибден – 0,3 млн.тонна.

2016 жылы 6 жаңа объектіде іздестіру жұмыстары аяқталды, нәтижесінде мынадай болжамдық ресурстар бағаланды: алтын – 46,1 млн. тонна, мыс – 11,4 млн. тонна, полиметалдар – 0,4 млн. тенге.

2018 жылы іздестіру жұмыстары 1 объектіде аяқталды. Жұмыстар нәтижесінде болжамды ресурстар бағаланды: мыс – 2,6 млн. тонна.

2016 жылы 6 жаңа нысанда іздестіру-бағалау жұмыстары аяқталды, нәтижесінде мынадай болжамдық ресурстар бағаланды: мыс – 0,9 млн. тонна, полиметалдар – 1,1 млн. тенге.

2017 жылы 3 учаскеде іздестіру-бағалау жұмыстары аяқталды, нәтижесінде С<sub>2</sub> санаты бойынша қорлар есептелді: алтын – 0,7 тонна, болжамдық ресурстар бағаланды: алтын – 7,0 тонна, мыс – 0,6 млн. тонна, полиметалдар – 8,6 мың тонна.

Іздестіру-бағалау жұмыстары 2018 жылы 2 учаскеде аяқталды, жұмыстар нәтижесінде болжамды ресурстар бағаланды: алтын – 3,9 тонна, мыс – 1,2 мың тонна, полиметалдар – 0,9 млн.тонна.

2016 жылы Қармақшы ауданы Қызылорда облысының аумағында 3500метр тереңдіктегі тіреу-параметрлік ұңғыманы бұрғылау жұмыстары аяқталды. Жұмыстар нәтижесінде тау жыныстарының аралықтарын керндік іріктеуден бастап жалпы енуі кернді іріктеу 701 м және 100-3505 м аралығындағы шламдарды үлгілері алынды. Геофизикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша ашық оқпанды қабатты сынауға турней қабатының шөгінділерінде төменгі карбон анықталды және ұсынылды. Ашық оқпанды қабатты сынау екі нысанды өндірілген болатын. Нәтижелері теріс. Сұйықтықтың түсуі алынбады.

Алдыңғы үш жылмен салыстырғанда, жұмыстар көлемі және арнаулы индикаторлар 2016 – 2018 жылдар іздестіру және іздестіру-бағалау жұмыстары бойынша жұмыстар нәтижесі алдыңғы деңгейде қалады.

2016 жылы пайдалы қатты қазбалардың негізгі түрлерінің болжамды ресурстарына бағалау жүргізілді: алтын – 1,9 мың тонна, мыс – 41 млн. тонна, полиметалдар - 3,4 млн. тонна.

2017 жылы пайдалы қатты қазбалардың негізгі түрлерінің болжамды ресурстарына бағалау жүргізілді: алтын – 1,5 мың тонна, мыс – 28,2 млн.тонна, полиметалдар - 22,6 млн.тонна.

Жерасты суларының мемлекеттік желісінің 4 345 пунктінде, жер сілкірудің гидродинамикалық алғышарттарын зерттеу бойынша 11 бекетте, жерасты суларының техногенді ластанған 5 полигонында және 2 полигонда жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестеріне мониторинг жүргізілуде.

2016 жылы жер қойнауын пайдаланушылар есебінен қорларды ұлғайту бойынша жер қойнауына мемлекеттік сараптама жүргізу нәтижесінде төмендегі пайдалы қазба қорларының өсімі анықталды: алтын (23 836 кг), молибден (10 164 тонна), мыс (133,8 тыс. тонна), мырыш (1,7 мың тонна), күміс (576,3 тонна), марганцті кендер (3 984,1 мың тонна), мұнай (51 972 мың тонна), конденсат (400 мың тонна), термалды сулар (13,5 мың м<sup>3</sup>/тәу.).



2017 жылы жер қойнауын пайдаланушылар есебінен қорларды ұлғайту бойынша жер қойлауына мемлекеттік сараптама жүргізу нәтижесінде төмендегі пайдалы қазбалар қорларының өсімі анықталды: алтын (34 830 кг), қорғасын (110,2 мың тонна), уран (14 264 тонна), жерасты сулар (43,034 мың м<sup>3</sup>/тәу.).

2018 жылы жер қойнауын мемлекеттік сараптау нәтижесінде мынадай пайдалы қазбалар қорларының өсімі алынды: күміс (310,3 тонна), мыс (28,7 мың тонна), қорғасын (57,06 мың тонна), көмір қыртысындағы метан (57,33 млн.м<sup>3</sup>), мұнай (33 281 мың тонна), газ (8000 млрд. м<sup>3</sup>) конденсат (478,9 мың тонна), термалды және минералды сулары (0,596 мың м<sup>3</sup>/тәул.), жерасты сулары (133,53 мың м<sup>3</sup>/тәул.).

## **2.2) Негізгі проблемаларды талдау**

### **Геология саласының негізгі проблемалары:**

1) ғылыми-қолданбалы зерттеулер жүргізуде геологиялық инфрақұрылымның, заманауи зертханалық базаның, тас материалдарды сақтау қоймасының жоқтығы;

2) геологиялық барлау жұмыстарының бүкіл топтамасын жүргізу үшін сала кәсіпорындарының техникалары мен жабдықтарының импортына толық тәуелділігі;

3) нарықтың сыртқы және ішкі конъюнктурасына тәуелділігі;

4) геологиялық барлау саласында ақпараттық технологияларды пайдаланудың жеткіліксіз деңгейі;

5) салада білікті мамандардың, сондай-ақ танылған кәсіби қауымдастықтардың мүшесі болып табылатын тәуелсіз сарапшылардың жетіспеушілігі;

б) геологиялық мәліметтердің сақталуына қауіп төндіретін, геологиялық қорларға арналған алаңдардың жетіспеушілігі болып табылады.

Геологиялық сала бірыңғай құқықтық алаңда қызметін іске асыратын, мемлекеттік басқару органдары, өндірістік және әртүрлі меншік түрлерінің ғылыми ұйымдарының жиынтығы ретінде еліміздің минералдық-шикізат базасын толықтыру және жер қойнауын зерттеуін қамтамасыз етуі тиіс. Пайдалы қазбалардың барланған қорларының өсімі және табу, минералдық-шикізат базасын жандандыру геологиялық сала тиімділігінің негізгі өлшемшарты болып табылады.

Жер қойнауын геологиялық зерттеудің ғылымды көп қажет етуі геологиялық барлауды ғылыми-технологиямен қамтамасыз етудің негізгі рөлін анықтайды, ғылым мен өндірістің байланысын, ғылыми-техникалық прогрестің жетістігі негізінде технологияны жаңартуды анықтайды. Жер қойнауындағы пайдалы қазбалардың орналасуы және құрылысының айқындалған заңдылығы туралы геологиялық барлау жұмыстары нәтижесі нақтылығының деңгейі мамандардың кәсібилік деңгейіне және олар қолданатын озық ғылыми-техникалық әдістер мен технологияларға тікелей байланысты.



2	Ормандардың жалпы ауданы	мың. га	28788,1	29285,4	29301,9	29318,7	29423,1	29843,3
3	Ел алаңындағы ормандардың үлесі	%	10,6	10,7	10,8	10,8	10,8	10,95
4	Өзге де орман жабылған жерлердің жалпы алаңы	мың. га	12548,6	12593,9	12627	12652,4	12706,8	12903,5
5	Жалпы алаңнан өзге де орман жабылған жерлердің үлесі	%	4,61	4,62	4,63	4,64	4,66	4,74
6	Табиғи жаңаратын ормандар	мың. га	58,7	58,7	58,7	58,7	58,7	58,7
7	Ормандардың жалпы алаңынан табиғи түрде жаңартылатын ормандар алаңының үлесі	%	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2
8	Ағаш отырғызу	мың. га	920,4	923,1	923,1	947,5	978,5	896,3
9	Ағаш отырғызу	%	3,2	3,2	3,2	3,2	3,3	3,0
Қорғалатын ормандардың ауданы және биоәртүрлілікті сақтауға арналған орындар								
10	Күзетілетін аудандардағы орман алқабы	мың. га	5,8	6,3	6,3	6,3	6,4	6,85
11	Ормандардың жалпы алаңынан қорғалатын аудандардағы орман алқабының үлесі	%	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02

Орманшылықты арттыру үшін орман дақылдарын құру үлкен маңызға ие. Бүгінгі күні жасанды екпелер 896,3 мың гектарды немесе орманмен қамтылған жерлердің 6,9%-ын құрайды. Республика бойынша орман дақылдары қорының көлемі 5798,0 мың га құрайды, оның ішінде: шабылған жерлер – 117,6 мың га, өртендер және басқа да өлген екпелер – 513,8 мың га, алаңқайлар – 1872,0 мың га, шалғамдар – 3294,6 мың га.

Соңғы 5 жылда ормандарды молықтыру және орман өсіру жөніндегі жұмыстардың қарқыны 1,5 есеге өсіп, 2018 жылы 50,5 мың гектарға жетті.

Республика аумағында омыртқалы жануарлардың 835 түрі мекендейді, оның ішінде сүтқоректілер - 178 түрі, құстар - 489 (олардың 396 - ы Қазақстанда ұя салады, өзгелері тек қыстауға ғана ұшып келеді немесе

көктемде және күзде ұшып кетеді), рептилиялар - 49, амфибиялар - 12, балықтар - 104 және дөңгелек мүйізді жануарлар – 3.

Қазақстан аумағында омыртқасыздардың шамамен 100 мың түрі, оның ішінде 50 мыңнан кем емес жәндіктер мекендейді деп болжануда.

Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген:

1) омыртқалы жануарлардың 128 түрі мен кіші түрлері, оның ішінде балықтар - 18, қосмекенділер - 3, бауырымен жорғалаушылар – 10, құстар - 57, сүтқоректілер-40;

2) омыртқасыз жануарлардың 96 түрі, оның ішінде: сақиналы құрттар – 2, моллюскалар – 6, шаян тәрізділер – 1, өрмек тәрізділер – 2, жәндіктер – 85.

Аң аулау объектілері сүтқоректілердің 34 түрі және құстардың 59 түрі болып табылады.

2 кесте. Қазақстанның Қызыл кітабына енген түрлері

Омыртқалылар	128 түрлері және түршелері	Омыртқасыздар	97 түрлері
Балықтар	18	бадана құрттар	3
Қос мекенділер	3	Былқылдақ денелілер, ұлулар	6
Бауырмен жорғалаушылар	10	Шаян тәрізділер	1
Құстар	57	Өрмекші тәрізділер	2
Сүтқоректілер	40	Бунақ денелілер	85

Жабайы фауна және флора түрлері халықаралық сауда Конвенциясы Қосымшасында Қазақстанның 110 түрлі фаунасы қосылған, жоғалу қауіп-қатері бар (СИТЕС), сонымен қатар I Қосымшада – 20 түрі, II Қосымшада – 90 түрі. Сирек кездесетін және жоғалу қауіп-қатері бар жануарлар түрлері, сүтқоректілерді қосқанда – 40, су жануарларын қосқанда – 50, құстар – 57.

Қазіргі таңда республикада 701 аң аулау шаруашылығы қызмет атқарады, оның ішінде қорықшылар саны 2538 адам.

Республикада аң аулау алаңы 214,4 млн. га құрайды, оның ішінде 113,9 млн. гектар (53,1%) аң аулаушыларға бекітілген. 2010-2017 жылдары республикада аң аулау шаруашылығы 24200,4 мың гектар алаңында жүргізілген (2017 ж – 3,5 мың гектар).

### **Сирек және жоғалу қауіп-қатері бар жануарлар түрлері сақтау**

Киіктерді және тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін қорғауды «Охотзоопром «ӨБ» РМҚК 10 әкімшілік облыстың аумағында жалпы көлемі 123,0 млн.га, шөл және дала аудандары жолсыз өте қиын жағдайларда автокөлікті пайдалана отырып жүзеге асырады. Қорғауға 220 жануарлар дүниесін қорғау инспекторы және 115 бірлік жоғары өтімді автокөлік құралдары жұмылдырылды.

Ақбөкендерді қорғауды ұйымдастыру нәтижесінде олардың саны 2003 жылы 21 мыңнан 295 мыңға дейін артты, бірақ 2015 жылы Бетпақдала популяциясындағы киіктердің жаппай қырылуы болды және 2017 жылдың қорытындысы республика бойынша олардың саны дербес 152,6 мың құрады.

3 кесте. 2010-2017 жылдары сайғақтардың популяция бойынша саны, дербес есептегенде мың.

Популяция	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017
	Бетпақдала	53,4	78,0	110,1	155,2	216	242,5	36,2
Үстірт	4,9	6,1	6,5	5,4	1,7	1,2	1,9	2,7
Орал	27,1	17,9	20,9	26,4	39	51,7	70,2	98,2
Барлығы	85,4	102	137,5	187	256,7	295,4	108,3	152,6

\*2015 жылы мамыр-маусымда сайғақтардың қырылуына дейін

Концентрация өтетін негізгі төлдету кезеңінде сайғақтарды қорғау тиімділігін жоғарылату үшін, қыстау және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі Комитеті миграциясымен айрықша табиғаттың территорияларын қорғау жүйесін кеңейту шаралары жүзеге асады.

Республикада қабылданған шаралардың нәтижесінде табиғатта сирек кездесетін тұяқты жануарларды сақтау саны артты.

4 кесте. 2010-2017 жылдары сирек және жойылу қауіп-қатері бар жабайы тұяқты жануарлар динамика саны, мың дана

№ п/п		Саны, дарак							
		2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017
1	Тоғай кермаралы	418	421	451	465	481	503	716	825
2	Джейрандар	12150	12200	12397	12888	12994	13197	13218	13727
3	Қулан	2477	2496	2920	3222	3420	3595	3807	3984
4	Арқар	13246	13597	13872	14525	14737	15710	15979	16802

Сонымен қатар, қазіргі таңда жануарлар дүниесі спутниктік шамшырақ және фотоқақпан орнату айрықша табиғат территорияларында қорғауда мониторинг жүргізу бойынша жаңа технология енгізілуде.

### **Балық шаруашылығы**

Балық шаруашылығының кіріс көзі – балық шаруашылығы су қоймалары фонды болып табылады, оның құрамына Каспий және Арал теңіздер акваториясы, Балхаш, Зайсан, Бұхтарма, Қапшағай, Шардара су қоймалары, Алакөл көлдерінің жүйесі және басқа да су қоймалары жалпы алаңы 3 млн.гектар және 70 түрлі балық мекендейді, сонымен қатар ең құнды (бекіре, көксерке, сазан, ақ амур, тұқы және т.б.). Бұған қоса, республика су қоймасында (пайдабалық, ақсахалар және т.б.) және жоғары коммерциялық құны бар.

2006 жылдан бастап су қоймасы жұмыстарын жүргізу бойынша ұзақ мерзімді бекіту және жануарлар дүниесі пайдаланушылары жерлері, ұзақ мерзімге балық қорына рұқсат беруге кепіл бар, бұл жоспарлы түрде жекеменшік қаражатын балық шаруашылығының дамуына, бекітілген су

қоймаларына және учаскелеріне қатыстыру жұмыстарын жүргізуге, оны қорғау, қайта өндіріс және ғылыми зерттеулер жүргізу және инвестицияны қатыстыру.

Осылайша 2017 жылы 362 халықаралық су қоймалары учаскелері және республикалық деңгейдегі 247 учаскелері бекітілген, немесе 68,2%-ы 132 пайдаланушы.

Сонымен қатар, күн сайын орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі облыс территориялары инспекцияларымен балықтарды қорғау рейд жұмыстары жүргізілуде, бірлескен пост жұмыстары жүргізіледі, табиғатты қорғау заңнамасында құқықты бұзу байқалады, құқық қорғау органдары мен табиғатты қорғау органдары бірлесіп бұзушылық ашылды.

Табиғатты қорғау заңнамасында 2017 жылы 5980 бұзушылық әшкереленді. Бұған қоса, әкімшілік жауапкершілікке 5719 адам, қылмыстық іске – 17 адам тартылды. Әкімшілік айыппұл - 88,4 млн. теңге, оның ішінде мемлекет бюджетіне 74,5 млн.теңге өндірілді. Бұзушылардан 161,3 тонна балық алынды. Сонымен қатар 218 бірлік транспорттық және жүзу құралдары және 9044 бірлік аулау құралдары алынды.

### **Балық ресурстарын көбейту**

Табиғи өсімін молайту үшін жағдай жасау жөніндегі іс-шараларды іске асыру жолымен балық ресурстарын көбейту, сондай-ақ зауыттық әдіспен жасанды өсімін молайту маңызды бағыт болып табылады.

2018 жылы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде балық өсіру кәсіпорындары балық шаруашылығы су айдындарына 51,7 млн. дана құнды балық түрлерінің шабақтарын (бекіре шабақтары, сигалық личинкалары, тұқы шабақтары және екіжылдық тұқы және өсімдік тектес балық түрлерін (*ақ амур*, *дөңмаңдай*)) өсіріп шығарды.

#### *Акваөсіру (балық өсіру)*


Бүгінгі күні тауарлы балық өсірумен 121 балық өсіру шаруашылығы айналысады, оның ішінде: 18 бау-бақша, 80 РХ, 19 тоған.

2018 жылы балық өсіру кәсіпорындарымен 3400 тонна тауарлық балық өсірілді және сатылды. Балық өсіру объектілері бекіре, албырт (албырт, форель) және балықтың тұқы түрлері және олардың гибридтері болып табылады, оларда Қазақстан жағдайында өсірудің өңделген биотехнологиясы бар.

### **Су ресурстарын басқару**

Қазақстандағы су ресурстарының негізгі көлемін жер үсті сулары орташа жылдық 100,5 км<sup>3</sup> көлемінде қамтамасыз етеді. Оның ішінде 56%-ы оқшау қалыптасқан, ал қалған 44%-ы Қытайдан, Өзбекстаннан, Ресей мен Қырғызстаннан келетін трансшекаралық өзендер ағысы есебінен қалыптасады (1-сурет).

1-сурет.



Тұщы судың қосымша көзі пайдалануға бекітілген запастары 15,6 км<sup>3</sup> қазіргі уақытта (олардың қазіргі уақытта 1,3 км<sup>3</sup> жылына өндіріледі) құрайтын жер асты сулары, тұщыландырылған теңіз суы мен өзге де көздер болып табылады.

Кепілдендірілген су ресурстарының жалпы көлемі табиғатты қорғау мақсатында пайдалануға, шектес мемлекеттерге міндетті ағынды қамтамасыз етуге қажетті көлемді қоспағанда, жылына 23,2 км<sup>3</sup> құрайды.

Қолайсыз климаттық және трансшекаралық гидрологиялық жағдайларда перспективада 2040 жылға қарай Қазақстан бойынша жерүсті ағыстарының жылына 11,4 км<sup>3</sup> азаюы болжануда. Трансшекаралық өзендер бойынша су ағынының 2040 жылға қарай болжамды азаюы екі сценарий бойынша байқалады: бірінші – көршілес елдер келісімдерге сәйкес немесе су ресурстарын тең бөлу кезінде өз лимиттерін толық алады, екінші – көршілес елдердің белгіленген квотаны арттыра отырып, су алуды ұлғайту бойынша қазіргі заманғы қарқыны сақталады.

Су тартудың жалпы көлемі 2017 жылы 25,5 км<sup>3</sup> құрады, оның ішінде ауыл шаруашылығы мұқтаждарына 16,3 км<sup>3</sup>, оның ішінде 13,2 км<sup>3</sup>. Тұрақты суару мұқтаждарына 1,39 млн. га алқапта 9,5 км<sup>3</sup> алынды, ал қалған 3,7 км<sup>3</sup> жылына ауыл шаруашылығы, лиманды суландыру, шабындық құю және жайылымдарды суландыру арасында бөлінген.

*Анықтама ретінде:*

2015 жылы су алу көлемі 22,8 км<sup>3</sup> құрады, оның ішінде ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне 15,5 км<sup>3</sup>, оның 12,6 км<sup>3</sup> қолданылды.

2016 жылы су алу көлемі 21,6 км<sup>3</sup> құрады, оның ішінде ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне 15,2 км<sup>3</sup>, оның 12,1 км<sup>3</sup> қолданылды.

Ауыл шаруашылығы тұтынушылары үшін суды тасымалдау кезіндегі ысырап ирригациялық жүйелердегі ҚБК төмендігімен (0,6-дан 0,65-ке дейін) түсіндіріледі.

2017 жылы ауыл шаруашылығында суды беру және суарудың үнемдеу

технологиялары 183,4 мың га алаң алқапта қолданылды (жаңбырлатып суару–100,5 мың га, тамшылатып суару –82,9 мың га) немесе қолданылатын суармалы жерлердің 12,7%.

2017 жылы суармалы жерлерді агромелиоративті зерттеп қарау 1544,7 мың га, 2016 жылы –1538,5 мың га, 2015 жылы–1535,5 мың га алаңда жүргізілді.

Суармалы жерлердің мелиоративті жай-күйін сақтау және жақсарту бойынша іс-шаралар мен ұсыныстар, сондай-ақ, жерлерді мелиорациялау саласындағы нормативті әдістемелік құжаттар әзірленді.

Суармалы жерлерді сумен қамтамасыз етуді жақсарту және ауыз суды үздіксіз беруді қамтамасыз ету мақсатында гидротехникалық құрылыстар мен топтық су құбырларын салу (қайта жаңарту), күрделі жөндеу жүргізілуде.

2017 жылы 12 гидротехникалық құрылыс пен 18 топтық су құбыры салынды, оның ішінде 3 Гидротехникалық құрылыс пен 6 топтық су құбыры пайдалануға берілді.

Тоқтаусыз жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын су берумен байланысы жоқ 200-ге жуық су шаруашылығы объектісі, шектес мемлекеттермен бірлесіп қолданатын объектілермен қоса, ұсталады және жөнделеді.

Су объектілерінің табиғи жағдайын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын жалпы көлемі 1340 млн. м<sup>3</sup> болатын табиғат қорғайтын су жіберулер жүргізіліп тұрады, оның ішінде:

1) Шідерті өзенінің төменгі жағындағы қуаңшылық және тоқырау процестерін жою – 100 млн. м<sup>3</sup>;

2) Сырдария өзені арқылы Қызылорда облысының көлдер жүйесін суландыру және толтыру – 1 200 млн. м<sup>3</sup>;

3) Теңіз-Қорғалжын мемлекеттік қорығының көлдерін суландыру және толтыру– 40 млн. м<sup>3</sup>.

Сонымен қатар, жыл сайын мемлекеттік су кадастры әзірленеді, өзен бассейндерінің су ресурстарын кешенді қолдану және сақтау схемасы жаңартылады, су ресурстарын қолдану және сақтау саласында талдамалы-зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

### **3.2. Негізгі проблемаларды талдау**

**Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесінің және балық шаруашылығының проблемалары.**

1. Орман шаруашылығына үлкен залал келтіретін орман өрттері;
2. Орман өрттерінің туындауына зор ықпал ететін дала өрттері. Олар сондай-ақ жануарлар дүниесі мен жалпы биологиялық әртүрлілік жағдайын құртады, ауыл шаруашылығына айтарлықтай залал келтіреді;
3. Табиғат қорғау мекемелерінің материалдық техникалық әлсіз қамтамасыз етілуі;



4. Орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесі облыстық аумақтық инспекцияларының инспекторлық құрамы санының жеткіліксіздігі және олардың әлсіз материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі;

5. Балық ресурстарының өсімін молайту жөніндегі мемлекеттік кәсіпорындардың өндірістік базасының тозуы

#### **Су шаруашылығы бойынша проблемалар:**

1. Су қоймаларының, су шаруашылығы және гидромелиорациялық маңызы бар магистральдық және таратушы каналдардың қанағаттанарлықсыз техникалық жай-күйі;

2. Су үнемдеуге қойылатын нормативтік талаптар мен су ресурстарын пайдалану жөніндегі бақылаудың жетілмегендігі;

3. Тариф қалыптастыру жүйесі су шаруашылығы жүйелерін тиімді ұстау, оған техникалық қызмет көрсету және оны дамыту талаптарына жауап бермейді;

4. Суды есепке алудың қанағаттанарлықсыз жай-күйі және су үнемдеудің жеткіліксіз ынталандырылуы.

5. Ирригациялық инфрақұрылымның бір суарылатын алап шегінде баланстық бөлшектенуі;

6. Қар суларын жинақтауға арналған су қоймаларының жетіспеуі;

7. Тасқындар, су тасқындары, су объектілері жағалауларының өзгеруі, аумақтарды жерасты суларының басуы, жерлердің батпақтануы және сортаңдануы, су эрозиясы, судың таяздануы салдарынан судың зиянды әсер етуінен болатын материалдық залалдың өсу үрдісі;

8. Мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі кәсіпорындардың әлсіз материалдық-техникалық жарақталуы.

### **3.3. Тәуекелдерді басқару:**

Мақсаттарға қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдердің атауы	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
1	2
<b>Орман шаруашылығы бойынша</b>	
Табиғи-климаттық жағдайлар (құрғақшылық, ыстық жел, құйынды желдер)	Жер үсті мен авиациялық күзету еселігінің ұлғаюы Алдын ала өртке қарсы іс-шаралардың жүргізілуі
<b>Жануарлар әлемі бойынша</b>	
– жабайы жануарлардың іргелес мемлекеттерге көші-қон кезіндегі ықтимал шығындары;	Жануарлардың санын сақтау жөніндегі екіжақты келісімге қол қою.
– браконьерлік;	Жануарлар әлеміне қатысты браконьерлік фактілер мен басқа да бұзушылықтардың бұлтартпауы. Браконьерлікпен күрес бойынша құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдарымен бірлескен табиғат қорғау іс-шараларының өткізілуі.
– қолайсыз табиғи жағдайлар нәтижесіндегі жұт пен тақыршылық;	Жануарларға арналған ерекше қорғалатын табиғи территориялар мен апатты қордың аң аулау шаруашылығы субъектілерімен жемшөптердің алдын

	ала дайындалуы.
<b>Балық шаруашылығы бойынша</b>	
Балықтардың жаппай қырылу жағдайлары (жоғары немесе төменгі температуралық режим, суда еріген оттегі мен су запастарының жетіспеушілігі)	Суға ауа жіберу (оттегімен қорын көбейту), негізгі тоғандарға су запастарын жинау; Су өсімдіктерін шабу, фитопланктондарды азайту үшін өсімдікқоректі балықтарды жіберу.
Жыныстық өнімдерді (уылдырық, шоғал) алу үшін Жайық-Каспий бассейнінде ауланатын бекіре тұқымдас балық түрлері өндірушілерінің (аталықтар мен аналықтар) жеткіліксіздігі.	Балық аулау бригадаларының ауланған балықтарының ішінен ауға түскен бекіре тұқымдас балықтарына бақылауды күшейту және оларды бекіре балық өсіру зауыттарына өткізуді ұйымдастыру;
Балық ауруларының туындау салдарынан балық ресурстарының өсімін молайту бойынша мемлекеттік тапсырыстың орындалмай қалу қаупі.	Өндірушілерді (аталықтар мен аналықтар) қыстау тоғандардан алып инкубациялық цехке орналастыру кезінде өңдеу, инкубациялық цехте өндірушілерді ұстау үшін технологиялық жабдықтар мен бассейндерді, сондай-ақ балықтарды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (тірі балық таситын машиналар, цистерналар және тағы басқа сыйымдылықтар) өңдеу; Көктемгі мезгілде тоғандарды сумен толтырмастан бұрын олардың табандарын жырту, тырмалау және өңдеу(әктеу).
<b>Су ресурстары жөніндегі</b>	
Табиғи сипаттағы тәуекелдер (су тапшылығы ресурстар, қолайсыз гидрологиялық режим (су аздығы), судың гидрохимиялық құрамының нашарлауы (оттегі режимі)	Өндірістік емес су шығынын азайту, су жинау лимиттерді төмендету
Климаттық және экономикалық себептерге байланысты шектес елдерден трансшекаралық байланысты ағыс көлемін қысқарту	Трансшекаралық өзендерде мемлекетаралық деңгейде су ресурстарын реттеу шараларын әзірлеу

### **3-бөлім. Саланың/аяның басым бағыттары**

#### **1-стратегиялық бағыт. Қоршаған ортаның сапасын жақсарту**

#### **Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуі**

Төмен көміртекті даму жолын таңдағанда бастапқы ұлттық шарттарды, оларды ғаламдық даму үрдістерімен бірте-бірте байланыстыруды ескеру керек.

Төмен көміртекті даму энергетикалық тиімділікті және энергияны үнемдеуді жақсартуға қатысты әлеуметтік-экономикалық дамудың ұлттық стратегиялық мақсаттарының бірі ретінде және орташа мерзімді және ұзақ мерзімді дамудың мәні ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл экономикалық өсудің жоғары қарқынын сақтау кезінде парниктік газдар шығарындыларының төмендеуден оларды бірте-бірте азайтуға жеткізуі тиіс.

Қазақстан даму деңгейі төмен елдерге тұрмыс деңгейі жоғары дамыған елдердің жоғары деңгейіне жетуге мүмкіндік беретін уағдаластықтарды қалыптастыруға көмектесетін климат бойынша халықаралық келіссөздерде қатысуды жалғастырады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы (*БҰҰ КӨНК*) бойынша Париж келісіміне ұсынылған Қазақстан экономикасының бүкіл ауқымында парниктік газдар шығарындыларын шектеу және азайту бойынша ұлттық деңгейде айқындалатын үлестерді орындау үшін келесі шаралар іске асырылады:

- 1) нарықтық тетік арқылы парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін – квоталармен сауда жасау жүйесі (*КСЖ*) арқылы реттеу;
- 2) елдің энергия теңгерімінде жаңартылатын энергия көздерінің (*ЖЭК*) бөлігін көбейту;
- 3) жылу электр станцияларды және қазандықтарды жаңарту;
- 4) энергетикалық тиімділік және энергияны үнемдеу бойынша жобаларды іске асыру.

### **Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару**

Қазақстан өндірістік қалдықтарды басқару мәселелері бойынша үш конвенцияны ратификациялады (*2003 жылы Базель, 2007 жылы Стокгольм және Роттердам*) және аталған конвенциялардың Тарапы болып табылады. Конвенцияның негізгі қаржылық құралы болып табылатын Жаһандық экологиялық қор, Қазақстанға Стокгольм конвенциясының орнықты органикалық ластағыштар (*бұдан әрі – ООЛ*) міндеттемелерін орындау үшін қаржылық көмек көрсетеді.

Осыған сәйкес, құрамында ООЛ бар қалдықтарды жоюға арналған зауыт болмағандықтан, оларды жою жеке пилоттық бағдарламаның аясында шет елдерде жүзеге асырылады. Бұл ретте, Строкгольм конвенциясының міндеттемелеріне сәйкес Қазақстан 2028 жылға дейін құрамында ООЛ бар қалдықтарды жоюы тиіс.

Қабылданған Конвенция бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында Министрлікпен құрамында ООЛ бар қалдықтарды жою мәселесін шешудің ықтимал нұсқаларын талдау жүргізіледі.

Экологиялық заңама саласында қатты тұрмыстық қалдықтарды көлемін азайту және кәдеге жарату шешімі бойынша елеулі жаңалықтар енгізілді.

Бұл тауар өндірушілердің (*импорттаушылар*) кеңейтілген міндеттемелерін (*бұдан әрі – ӨКМ*) Қазақстан Республикасында өндірілетін және (*немесе*) Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін өнімге (*тауарға*) тұтынушылық қасиеті жоғалғаннан кейін тауарды бұдан әрі кәдеге жарату үшін кейін төлем ретіндегі енгізілуі. Бұл міндеттемелер қалдықтарды бөлек жинау, кәдеге жарату және қайта өңдеу бойынша инфрақұрылымды дамытуға, сондай-ақ қайта өңдеу кәсіпорындарын іске қосуға, жаңа жұмыс орындарын құруға, полигондарда орналастыру үшін қалдықтар көлемін азайтуға ынталандыру тиіс.

ӨКМ қағидасын кезең-кезеңімен енгізу қарастырылған.

Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасын іске асыру мақсатында 2017 жылдан бастап «құрғақ» және «ылғалды» қағидасы бойынша бөлек жинауды енгізу; қоқыс шығаратын кәсіпорындармен ірі қалалар және аудан орталықтарында пресс-компактормен сұрыптау желісін орнату; халықтың экологиялық білімін арттыру бойынша үгіт-насихат ұйымдастыру және жүргізу; қалдықтарды сұрыптауды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпорындар арасында әріптестікті қалыптастыру, қалдықтарды қайта өңдеу және қайталама шикізат нарығының қатысушыларының ішкі және аймақаралық кооперациясын дамыту; өнім, энергетикалық ресурстар (*биогаз, электр энергия*), компост алумен қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу объектілерінің құрылысы есебінен қайталама шикізат нарығын кезең-кезеңімен қалыптастыру.

Қабылданған жүйелі әрі кешенді шаралар еліміздің барлық өңірлерінде бөлек жинауды енгізуді, тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу бойынша шағын және орта бизнесті дамытуға мүмкіндік береді.

Қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуге, сондай-ақ осы салада қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды айқындайтын ұлттық стандарттар қабылданатын болады.

Министрлік сондай-ақ сот шешімі бойынша республикалық меншікке түскен иесіз қауіпті қалдықтарды басқару бойынша жұмыстар жүргізуде.

### **Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторинг**

2015 жылғы Астана экономикалық форумында Мемлекет басшысы қазіргі заманғы бес сыртқы сын-тегеуріннің бірі ретінде ауа-райының өзгеруі және басқа да табиғи ауытқушылықтармен жиі ілесіп жүретін климаттың өзгеру процесін атап өтті.

Гидрометеорологиялық қызмет – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша дұрыс шешімдерді қабылдауға арналған маңызды құрал.

Осыған байланысты, мемлекеттік бақылау жүйесін дамыту, атмосфера жағдайын, құрлықтың жер үсті суларын және қоршаған ортаның экологиялық жағдайын болжау және бағалау, қауіпті және апаттық гидрометеорологиялық құбылыстарды болжау әдістерін жетілдіру мониторинг жүйесінің негізгі басым бағыттары болып табылады. Осы аталғанның барлығы Қазақстан Республикасының билік және басқару органдарына, тұрғындарына және шаруашылық кешендердің мүдделі тұтынушыларына гидрометеорологиялық және экологиялық қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қызмет ету сапасын арттыру су тасқындары, құрғақшылық, өрт, дауылды желдермен және ауа-райы құбылыстарымен байланысты қауіп-қатерлер деңгейін төмендетуге, төтенше жағдай туындаған кезде дайындық деңгейін көтеруге және сәйкесінше өнеркәсіптік және басқа авариялардан зақымдануды азайтуға мүмкіндік береді.

## **2-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерделенуін арттыру және минералдық-шикізат кешенін толықтыру**

*Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерттелуін арттыру*

Экономиканы шикізат ресурстарымен қамтамасыз ету пайдалы қазбалар қорларының (түсті металдар, алтын) орнының толмауы, геологиялық зерттеулерді технологиялық жетілдіру, қазіргі кезде орын алып отырған геологиялық барлау процесін ғылыми қамтамасыз ету өзектілігі бойынша проблемаларға негізделген.

*Шаралар:*

- тәуекелді төмендету мақсатында өнірлік геологиялық жер қойнауын зерттеу, іздестіру, іздестіру-бағалау және іздестіру-барлау жұмыстарын егжей-тегжейлі талдау және жоспарлау;
- геологиялық барлау жұмыстарын жандандыру.

## **3-стратегиялық бағыт. Өсімдіктер және жануарлар дүниесін, су ресурстарын және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету**

*Орман шаруашылығының да негізгі бағыттары:* мемлекеттік орман қорының аумағында орман орналастыру, орман қорын күзету және қорғау бойынша авиациялық жұмыстарды жүргізу, орманды молықтыру және орман өсіру, өсімдік дүниесі объектілерін жасанды көбейту, орман шаруашылығын жобалау.

*Жануарлар дүниесінің негізгі бағыттары:* табиғи еркінділік жағдайында жануарлар дүниесінің биологиялық әралуандылығын және қоғамдастық тұтастығын сақтау, жануарлар дүниесі объектілерін ғылыми негізделіп, ұтымды пайдалану, жануарлар түрлерін жасанды көбейту, оның ішінде, бағалы, жойылып кету қаупі бар және сирек кездесетіндерін қоса отырып, жануарлар дүниесінің өсімін молайту.

*Балық шаруашылығы бойынша басты бағыттар* болып табылады: балық қорларын сақтау және қорғау, ғылыми – негізделген балық қорлары объектілерін ұтымды пайдалану.

*«Жасыл экономикаға» көшу бойынша негізгі басым міндеттері болып Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасына сәйкес экожүйелерді сақтау және тиімді басқару анықталған (орман шаруашылығын, балық шаруашылығы мен тірі табиғатты басқару).*

*Шаралар:*

- ормандарды, жануарлар дүниесі мен мемлекеттік табиғи-қорықты қор объектілерін сақтау, қорғау, қайта өсіру мен ұтымды пайдалану;
- ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының территорияларында экологиялық туризмді ұйымдастыру;

- орман шаруашылығы, жануарлар әлемі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында өндіріске кейінгі ғылыми зерттемелер енгізу саласында қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу.

### **Ресурсты қамтамасыз ету деңгейін арттыру**

*Су қорлары саласының басым бағыттары* тұрақты және көлтабандап суарылатын аса қажетті жерлерді суару суымен қамтамасыз ету үшін ирригациялық және дренажды желілерді қалпына келтіру, суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін жақсарту, судың халыққа, қоршаған ортаға және экономикаға зиянды әсерінің залалын төмендету, табиғи объектілердің суға деген жыл сайынғы қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады.

Бұл үшін су шаруашылығы саласына инвестициялардың қайтарымдылығын қамтамасыз ету мәселесі пысықталатын болады.

Су ресурстарын мониторингтеу, оларды болжамдау және тиісінше бақылауды қамтамасыз ете отырып, су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру және суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйіне және мелиоративтік іс-шараларды орындауға мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданатын болады.

*Аталған басым бағыттар Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 732 Жарлығымен бекітілген Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамасына сәйкес анықталған, мұнда агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың негізгі міндеттерінің бірі болып сулы және жер қорларын пайдаланудың тиімділігін арттыру бойынша кешенді шараларды қабылдау арқылы қорларды ұтымды пайдалану анықталған.*

*- Шаралар:*

- талап етілген суармалы жерлердің гидромелиоративтік жүйелерін реконструкциялау және жаңарту;

- дренаждық суларды бұру үшін суармалы жерлерде коллекторлық желілерді реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу;

- су берумен байланысты емес трансшекаралық және республикалық су шаруашылығы нысандарын пайдалану және олардың техникалық жағдайын мониторингілеу;

- табиғатты қорғау масқатында су жіберуді өткізу;

- Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау бойынша жобасын іске асыру;

- ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру жөніндегі жобасын іске асыру;

- су ресурстары саласында тарифтік саясатты жетілдіру;

- трансшекаралық су пайдалану мәселелерін шеуге халықаралық институттарды тарту;

- су ресурстары саласында нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

- су тазалау мен ағынды суларды жөндеу жүйелері жаңартылады, өнеркәсіпте су үнемдеуші технологиялар үлесі артады, қосымша су тазалау


бойынша, сонымен қатар айналмалы сумен жабдықтау бойынша қуаттылықтар артатын болады;

- қолжетімді су қорларының төмендеуін болдырмау үшін барлық аралас мемлекеттермен трансшекаралық сулар бойынша келісімдер жасалатын болады;

- су қорларын суға тапшы бассейндерге ауыстыру және жаңғыртылған жер асты көздерін пайдалану бойынша үнемді техникалық шешімдер әзірленетін болады;

- көпжылдық қолжетімді су қорларын көбейту үшін инфрақұрылым объектілерінің – магистральды арықтардың, су резервуарлардың, тоғандардың құрылысы мен қайта құрылуы бойынша іс-шаралар іске асырылатын болады;

## 4-бөлім. Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау өзара байланысының сәулеті





<b>Бюджеттік бағдарламалар</b>			
<p>038 «Парниктік газдар шығарындыларын қысқарту»,</p> <p>037 «Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту»,</p> <p>039 Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті дамыту»,</p> <p>044 «Технологияларды және үздік тәжірибелерді ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту арқылы Қазақстанның жасыл экономикаға жылдам көшуіне ықпал ету»</p>	<p>089 « Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерттелуін арттыру</p>	<p>256 «Орман ресурстары мен жануарлар дүниесін басқару, сақтау мен дамытуды қамтамасыз ету»</p>	<p>254 «Су ресурстарын тиімді басқару»</p> <p>241 «Қазсушар шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық капиталын ұлғайту»</p> <p>268 «жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру»</p> <p>267 «Білім мен ғылыми зерттеулердің қол жетімділігін арттыру»</p>
<p>001 «Экология, геология және табиғи ресурстар саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер»</p> <p>138 «Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету»</p>			

## 5-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар және нысаналы индикаторлар

№ р/н	Нысаналы индикатор	Жауапты	Ақпарат көздері	Өлшем бір.	Есептік жыл	Жоспар (нақты)	Жоспарлы кезең				
					2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
<b>1-стратегиялық бағыт. Қоршаған ортаның сапасын жақсарту</b>											
<b>1.1-мақсат. «Жасыл экономикаға» көшу үшін жағдайлар жасау</b>											
1	Нормативті ластаушы заттардың көлемі:	Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр	ведомств. деректер	млн. тонна							
	- шығарындылар				-	-	-	-	4,7	4,6	4,5
	- төгінділер				-	-	-	-	2,7	2,6	2,5
2	1990 жылмен салыстырғанда парниктік газдар шығарындыларының шекті көлемі*	Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр	ведомств. деректер	%	-	-	-	-	92	95	94
3	«Жасыл технологияларды» пайдаланатын кәсіпорындардың үлесі	Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр	ведомств. деректер	%	-	-	-	-	1,5	2,5	3,5
4	Өндіріс қалдықтарының түзілуіне оларды өңдеу және кәдеге жарату үлесі	Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр	ведомств. деректер	%	-	-	-	-	34	36	38
5	Тұрмыстық қатты қалдықтардың түзілуіне оларды өңдеу және кәдеге жарату үлесі	Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр	ведомств. деректер	%	-	-	-	-	14	18	21
6	Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару бойынша орындалған жұмыстың үлесі	Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр	ведомств. деректер	%	-	-	-	-	47,9	58	77
7	Халықтың қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпаратпен хабардар болу деңгейі	Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр	ведомств. деректер	%	-	-	-	-	1,3	1,7	1,8
8	Кадастрлардың бірыңғай жүйесіне енгізілген табиғи ресурстарды есепке алу объектілерінің үлесі	Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр	ведомств. деректер	%	-	-	-	-	67	67	83
9	Экологиялық ақпарат мемлекеттік қорына берілген «ҚР өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрлары» АЖ деректер қорының табиғат	Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр	ведомств. деректер	%	-	-	-	-	30	35	40

№ р/н	Нысаналы индикатор	Жауапты	Ақпарат көздері	Өлшем бір.	Есептік жыл	Жоспар (нақты)	Жоспарлы кезең					
					2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	
	пайдаланушылары объектілерінің үлесі											
10	Республика аумағының мониторингпен қамтамасыз етілуі:	Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр	ведомств. деректер	%								
	метеорологиялық				-	-	-	-	78	78,4	78,4	
	агрометеорологиялық				-	-	-	-	73,6	73,6	73,6	
	гидрологиялық				-	-	-	-	62	70,4	75,4	
	атмосфералық ауа ластануының жай-күйі туралы				-	-	-	-	82	82	82	
<b>2-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерделенуін арттыру және минералдық-шикізат кешенін толықтыру</b>												
<b>2.1-мақсат «Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерттелуін арттыру»</b>												
11	Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерделенуін қамту	Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр	ведомств. деректер	%	-	-	-	-	25,8	26,7	27,6	
12	Республикалық және аумақтық қорлар бойынша геологиялық есептерге геологиялық және аумақтық қосымшаларының цифрландырылған үлесі				-	-	-	-	100	-	-	
<b>3-стратегиялық бағыт. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, су ресурстарын және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету</b>												
<b>Мақсат 3.1. Балық, орман ресурстарын, жануарлар дүниесі ресурстарын, табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау, ұтымды пайдалану және өсімін молайту</b>												
13	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы және орман шаруашылығының мамандандырылған кәсіпорындарының аумақтарындағы орман көмкерген алқаптарының ауданы	Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр	ведомств. деректер	Мың. га	-	-	-	-	1540,1	1544	1548	
14	Тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер санының өсуі, оның ішінде		ведомств. деректер	%								
	киік				-	-	-	-	10	10	10	
	тоғай асыл бұғы				-	-	-	-	0,7	0,7	0,7	
	Құлан				-	-	-	-	0,9	0,9	0,9	
	Джейран	-			-	-	-	0,5	0,5	0,5		
	Арқар	-	-	-	-	1,4	1,4	1,4				
15	Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын сақтау, оның ішінде:		ведомств. деректер	бірлік	-	-	-	-	70	70	70	

№ р/н	Нысаналы индикатор	Жауапты	Ақпарат көздері	Өлшем бір.	Есептік жыл	Жоспар (нақты)	Жоспарлы кезең				
					2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
	балық аулау объектілері болып табылатын бағалы түрлері				-	-	-	-	52	52	52
	сирек кездесетін және Құрып кету қаупі төнген түрлер				-	-	-	-	18	18	18
<b>3.2.- мақсат. Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру</b>											
16	Тұрақты суарылатын сумен қамтамасыз етілген жерлердің көлемі	Сұрақтар бойынша жетекшілік ететін Вице-министр	Есептік деректер	мың.га	-	-	-	-	1604	1791	2010
17	Су басу қаупінің төмендеуі: - елді мекендер саны			бірлік	-	-	-	-	6	2	-
18	Ауыз суды үздіксіз берумен қамтамасыз етілген елді мекендердің саны			бірлік	-	-	-	-	68	16	1
19	ПУИД - 2 шеңберінде жалпы қалпына келтірілетін алаңнан тұрақты суарылатын сумен қамтамасыз етілген жерлердің үлесі (жұмыстардың басталуы)			%	-	-	-	-	9,4	61	100
20	Тәжірибелік учаскеде әзірленген технологияларды енгізу көлемі			га	-	-	-	-	1000	2000	-
*Есепті жыл үшін екі жыл бұрын жылжусумен деректер ұсынылады.											

## 6-бөлім. Ресурстар

Ресурстар	Өлшем бірлігі	Есептік кезең 2015 жыл	Ағымдағы кезеңнің жоспары 2016 жыл	Жоспарлы кезең		
				2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
1	2	3	4	5	6	7
Қаржы:	мың					118 421 242,2
Барлығы:	теңге					
<i>Соның ішінде:</i>	мың					<b>118 421 242,2</b>
	теңге					
<b>1-стратегиялық бағыт. Қоршаған ортаның сапасын жақсарту</b>						
<b>1.1-мақсат. «Жасыл экономикаға» көшу үшін жағдайлар жасау</b>						
038 «Парниктік газдар шығарындыларын қысқарту» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге					142 149
037 «Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге					112 911
039 «Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті дамыту» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге					7 826 125
044 «Технологияларды және үздік тәжірибелерді ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту арқылы Қазақстанның «жасыл экономикаға» жылдам көшуіне ықпал ету» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге					945 281
1.1-мақсаты бойынша нәтиже	мың теңге					<b>9 026 466</b>
<b>2-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерделенуін арттыру және минералдық-шикізат кешенін толықтыру</b>						
<b>2.1-мақсат «Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерттелуін арттыру»</b>						
089. Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерттелуін арттыру бюджеттік бағдарламасы	тыс. теңге					7 148 004
2.1-мақсаты бойынша нәтиже	тыс. теңге					<b>7 148 004</b>
<b>3-стратегиялық бағыт. Өсімдіктер және жануарлар дүниесін, су ресурстарын және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету</b>						
<b>3.1.-мақсат. Балық, орман ресурстарын, жануарлар дүниесі ресурстарын, табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау, ұтымды пайдалану және өсімін молайту</b>						
256 «Орман ресурстары мен жануарлар дүниесін басқару, сақтау мен дамытуды қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы	млн.т енге					22 933 205,0
3.1-мақсаты бойынша нәтиже	млн.т енге					<b>22 933 205,0</b>
<b>3.2-мақсат. Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру</b>						
254 «Су ресурстарын тиімді басқару» бюджеттік бағдарламасы	тыс. теңге					39 934 673
241 «Қазсушар шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық						13 851 515

Ресурстар	Өлшем бірлігі	Есептік кезең 2015 жыл	Ағымдағы кезеңнің жоспары 2016 жыл	Жоспарлы кезең		
				2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық капиталын ұлғайту» бюджеттік бағдарламасы						
268 «Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру» бюджеттік бағдарламасы						15 083 279
267 «Білім мен ғылыми зерттеулердің қол жетімділігін арттыру»						472 657
3.2-мақсаты бойынша нәтиже						<b>69 342 124</b>
<b>Стратмақсаттарға бағытталған қаржы ресурстары</b>						
001 «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге					9 952 794
138 «Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге					18 649,2
Барлығы	мың теңге					<b>9 971 443,2</b>
<b>Адами</b>						5 431